

**Салық төлеушілер үшін 2011 жылға арналған бірыңғай тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы**

***Күші жойған***

Алматы облысы Іле аудандық мәслихатының 2011 жылғы 15 сәуірдегі N 46-191 шешімі. Алматы облысы Әділет департаменті Іле ауданының Әділет басқармасында 2011 жылы 25 сәуірде N 2-10-142 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Іле аудандық мәслихатының 2012 жылғы 18 сәуірдегі N 6-24 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Іле аудандық мәслихатының 2012.04.18 N 6-24 Шешімімен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 422-бабына сәйкес, Іле аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қызметін бір әкімшілік - аумақтық бірліктің аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін 2011 жылға арналған бірыңғай тіркелген салық ставкалары қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау бюджет, әлеуметтік экономикалық даму, көлік, құрылыс, байланыс, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (Карпов Дмитрий Павлович) тапсырылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік мерзім өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрайымы*

*Б. Сүлейменова*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*Ф. Ыдрышева*

**КЕЛІСІЛГЕН:**

*Іле ауданы бойынша Салық басқармасының бастығы: Киртаев Бахытжан Мұхамеджанұлы*  
15 сәуір 2011 жыл

Іле аудандық мәслихатының  
2011 жылғы 15 сәуірдегі  
N 46 - 191 шешіміне  
қосымша

**Қызметін бір әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін 2011 жылға арналған бірыңғай тіркелген салық ставкасының мөлшері**

Рет N	Салық салу объектісінің атауы	Бірыңғай базалық (айлық бойынша)	тіркелген ставкаларының есептік	салықтың мөлшері көрсеткіш
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	6		
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	10		
3	Ойын өткізу үшін пайдаланатын дербес компьютер	2		
4	Ойын жолы (боулинг)	25		
5	Карт	6		
6	Бильярд үстелі	10		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК